

УДК 811. 512. 1

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

**Аймағамбетова Гүлбану Аманқосқызы**

*banu8787@list.ru*

С. Бәйішев атындағы Ақтөбе Университеті  
Филология және аударма кафедрасының аға оқытушысы,  
Ақтөбе, Қазақстан

Қандай да болмасын екі тілдің фонологиялық жүйесін типологиялық тұрғыдан зерттегенде алдымен фонемалардың инвентары (ол тілдердегі фонемалардың құрамы, саны және сапасы) анықталуы тиіс. Жеке тілдердің фонологиялық жүйесін қарастырғанда ондағы фонемалардың саны әртүрлі екендігіне көз жеткізуге болады. Бір тілдерде дауысты дыбыстар саны өте шектеулі болса, қайсыбір тілдерде (швед тілінде 17) ол қомақты үлес алады. Дауыссыз дыбыстардың да саны әр тілде әрқалай. Мысалы, орыс тілінде 35 дауыссыз, 6 дауысты фонема, оған туыс украин тілінде 44 дауыссыз, 6 дауысты фонема бар. Ал абхаз тілінде дауыссыздардың саны 60-қа жетеді.

Жоғарыда айтылғандардан біз кейбір тілдерде (мысалы, абхаз, орыс, украин) дауыссыз дыбыстар, яғни консонантизм басымдық ететінін көреміз. Мұндай тілдер консонантты тіл немесе консонантты типті тілдер деп сараланады.

Басқа тілдерде, мәселен, ағылшын тілінде дауысты дыбыстардың жүйесі ерекше болуы немесе дауыссыз фонемалардың саны шектеулі болуы ықтимал. Мұндай тілдер вокализмді тілдер немесе вокализмді типті тілдер деп аталады.

Осы екі типті - консонантты және вокалды тілдерді айқындаудың өзін тілдердің фонологиялық деңгейінің типологиялық ерекшелігінің бірден-бір өлшемі (айырым-белгі) деп қарастыруға болады [1,23]. А.В.Исаченко славян тілдерінің негізінде ұсынған бұл айырым-белгі тілдердің фонологиялық жүйесінің типологиялық классификациясы үшін өте құнды болып табылады -дейді де, тілдерді: 1) радикалды вокализмді типті (сербохорват, словен, кашуб) тілдер; 2) радикалды консонантты типті (шығыс славян тілдері, лужицк және болгар) тілдер деп бөледі. 3) Үшінші типке аралық (әдеби словак) тілдерді жатқызады [2,115].

Бұдан тілдердің типологиялық ерекшелігі - болгар және батыс славян тілдері, лужицк тілі шығыс славян тілдерімен бір типологиялық топқа енгенін ескерсек, ол -типологиялық жақындық тілдердің генетикалық-туысқандық жақындығына байланысты емес екендігін көруге болады.

А.А.Реформатский бұл мәселеге байланысты: «Тілдің типін басқа деңгейлерге қарағанда өзгермейтін, грамматикалық құрылым негізінде анықтауға болады. Оған қоса тілдің фонологиялық деңгей де тілдің типін анықтауда айтарлықтай рөл атқарады» [4, 267],-деп жазады. Тілдерді салғастыру белгілі бір мақсатты көздеуі керек. Ол, біріншіден, жалпы және жеке заңдылықтарды орнату болса, екінші жағынан, әртүрлі тілдік қабатты талдаған кезде анықталатын жеке типологиялық ерекшеліктерді көрсету болып табылады [5,19]. Тілдік қабатқа тілдің құрылымында ерекше орын алатын морфологиялық, синтаксистік, фонологиялық деңгейлер жатады.

Тілдің бірден көзге түсетін сыртқы, сыртқары қабатында (периферия языка) дыбыстар жәе дыбыстардың көмегімен жасалатын сөздер орналасады. Дыбыстардың, терең ішкі заңдылықтарын зерделеу, яғни функционалды фонетика мен фонологияны анық түсіну үшін морфологиялық критерийді қолдану керек (сөзжасамда, сөз өзгертуде, сондай-ақ, сөз құрамында дыбыстардың өзгеруі қандай роль атқаратынын анықтау). Ал сөздердің ішкі заңдылықтарын тереңірек түсінуді, олардың өзіндік ерекшелігін анықтауды, оның сөз тіркесін жасаудағы ролін баса көрсету арқылы көз жеткізуге болады. Ол үшін морфологиялық өлшемді синтаксисте де қолданған абзал (морфологиялық сөздер тобы - сөз таптары мен олардың синтаксистік функциясы - сөйлем мүшелері).

Тілдің құрылымын анықтауда ең негізгі орын алатын, басты мәселе -сөздің формасын анықтау. Морфология және морфологиялық өлшемдер (сөзжасам, сөз өзгерту) тілдің құрылымдық типін анықтауда негізгі роль атқарады («типологиялық» және «морфологиялық» классификация ұғымдарының қатар қолданылып жүргені де осыған байланысты).

Фонетико-фонологиялық деңгейде тілдерді салғастырмалы талдаудың нақты ұстанымдары бар. Олар келесі алғышарттарды орындауға тәуелді:

- салғастырылып отырған тілдердің әрқайсысының жүйелі тілдік ерекшеліктерін жеке-жеке, жан-жақты анықтау;

- тілдердің жүйелі тілдік ерекшеліктері тілдерді салғастырудың ортақ критерийіне сүйену; Тілдерді салғастырудың ортақ өлшемін іздеу бірінғай «фонемалар жүйесі», «фонема» ұғымын дұрыс түсінуге, фонологияға (фонологиялық тәсілге) алып келеді.

Фонологиялық микрожүйені салғастыру (вокализм мен консонантизмді) фонемаларды бір-бірінен айыру белгілерін айқындауға мүмкіндік жасайды, морфологиялық бір типті тілдердің типті жеке бір тілдің ерекшелігін толық анықтауға көмегін тигізеді. Жеке тілдердің фонемалар құрамы әртүрлі болуы мүмкін. Олар саны жағынан ғана емес сапасы жағынан да ерекшеленеді. Бір тілде дауысты дыбыстардың корреляттары кездесіп, жеке фонеманың ролін атқарса, енді бір тілде фонемалар оппозициясы фонологиялық жүйеден орын алуы ықтимал.

Фонологиялық типологияда бинарлы оппозиция ұғымы өте маңызды. Бинарлы оппозиция дегеніміз бір-біріне қарама қарсы қойылған бір белгісінен басқа жағынан ұқсас дыбыс жұбы болып табылады. Мысалы, орыс тіліндегі *д* және *т* немесе ағылшын тіліндегі *d* және *t* бір-бірлеріне қатаң-ұяң белгілері бойынша қарама-қарсы қойылып отыр. *T* -қатаң, *Д* -ұяң. Оппозицияда бір мүше анық (белсенді) - (немаркирован) емес, екінші мүше анық (белсенді) - (маркирован) болады. Оппозицияның анық емес мүшесі басты болып табылады. Оның тілдегі статистикалық үлесі қомақты, оны айту жеңілге түседі. Бұл оппозицияда анық емес мүше - *т*. Ал *д* болса, ол оппозицияның анық мүшесі. Оның айтылуы онша жеңіл емес және тілде сирек кездеседі. Белгілі бір позицияда бұл оппозиция өзгереді, мәселен, орыс тілінде сөз соңында *д* дыбысы *т* болып айтылады, белсенді мүше өз анықтығын (маркер) жоғалтады.

Басқа тілдерде қарама-қарсы қою оппозициясы басқа белгілер арқылы жүргізілуі мүмкін. Мысалы, неміс және қытай тілдеріндегі *d* және *t* дыбыстары қатаң-ұяң белгісі бойынша емес, күшті - бәсең (сильный-слабый) белгісі бойынша бір-біріне қарсы қойылады: *d* - бәсең (анық емес), ал *t* оппозицияның күшті (анық) мүшесі болып табылады. Сондықтан орыстың ұяң (анық) дыбыстары немістер үшін өздерінің (анық) дыбыстарына ұқсайды.

Фонологиялық факторларды қарастыратын болсақ, көптеген ғалымдардың айтуы бойынша (Есперсен, Сандфельд, Шмидт, Боас, Сепир), бір-біріне көршілес тілдердің фонологиясы ұқсас. Бірақ көршілес емес тілдерді алатын болсақ, ерекшеліктер байқала бастайды. Мысалы, чех және славян тілдерінде квантативті оппозиция жоқ, ал фин-угор мен түркі тілдерінде, керісінше, бар.

Бұдан шығатын қорытынды, тілдердегі фонемалардың инвентары, дауысты және дауыссыз дыбыстардың құрамы, фонемалар жүйесі, ерекшелігі, саны мен сапасы, дыбыстардың бинарлық оппозициясы салғастырылып отырған тілдердің фонологиялық жүйесінің типологиялық ерешеліктерінің бірден-бір айырым-белгісі (критерийі) бола алады.

Тілдердің дыбыстық құрамының типологиясы ХХ ғасырдың басында қолға алына бастады. Оның алғашқы көш бастаушылары Прага лингвистикалық үйірмесінің өкілдері еді [5,183]. 1922 жылдың өзінде Б.Гавренек «фонетикалық ілімдер бойынша» болған конгреске өзінің «Фонологиялық география туралы» атты баяндамасын ұсынды. Ал 1935 жылы В.Скаличка цех тілі мен венгер тілінің фонологиялық жүйесі бойынша салғастырмалы зерттеулерінің қорытындысын жариялады [6,84].

Құрылымдық фонологияның жетістіктерінің әсерінен (бәрінен бұрыш Н.С.Трубецкойдың еңбектерінің нәтижесінде) тілдердің дыбыстық құрамының типологиясы тез, қарқынды және нәтижелі дамыды. ХХ ғасырдың 50 жылдары Р.Л.Кобсон, Г.Фант және М.Халле [7] жеке фонемалардың айыру белгілерінің универсалды бинарлық жүйесін ұсынды. Бұл универсализм оның қажеттігі мен сипаттау үлгісіне қатысты. Ол кез келген тілдің фонемаларын сипаттау үшін ұсынылған. Сонымен қатар, дауыстылар мен дауыссыздардың ішкі жүйелерін сипаттау үшін кездесетін белгілердің біріндей жиынтығын құрайды. Ғалымдар ұсынған бұл бинарлық оппозиция тілдердің фонологиялық жүйесінің типологиясының бірден-бір керсеткіші десек қателеспейміз. Олар фонемаларды бір-бірінен айырудың екі белгісін көрсетті: айтылу белгісіне қарай (признак звучности) және тон белгісіне қарай (признак тона). Ғалымның ойынша, айтылу белгісіне қарай, мына бинарлық белгілер тілдердің фонологиялық жүйесінің оппозиция принципімен ерекшеленеді: 1. Дауысты - дауысты емес. 2. Дауыссыз-дауыссыз емес. 3. Компактты - диффузды. Бұл оппозиция спектрдың орталық облысындағы азды-көпті концентрациялық энергияның акустикалық қатынасымен ерекшеленеді. Артикуляциялық қатынаста компакттылық алдыңғы артикуляциямен, ал диффуздық артқы артикуляциямен сәйкес келеді. 4. Қуатты - қуатсыз. Бұл спектрда жеткілікті анық резонансты облыстың болуымен және жалпы энергияның қуаты уақыттың созылуына байланысты азайып немесе көбеюмен байланысты. Қуатты фонемалар күшті немесе фортисі, қуатсыз фонемалар әлсіз немесе ленисті фонемалар деп аталады. 5. Ұяң - қатаң. Бұл төменгі жиілікте кездесетін гормоникалық тербелістің барлығымен немесе жоқлығымен ерекшеленеді. 6. Мұрын қуысты - ауыз қуысты. Бұл оппозицияның ерекшелігі - энергия жиіліктің барлық деңгейінде таратылып, мұрын қуысты форманттар пайда болады, соның негізінде, ауыз қуысты фонемаларға мұрын қуысты резонатор қосылады. 7. Ұзақ (үздікті) — ұзақ емес (үздіксіз). Бұл акустикалық қатынасқан дыбыстың жоқтығына негізделген оппозиция болып табылады.

Қазіргі таңда бірде-бір тілдің фонетикалық жүйесі типологиялық қарама-қарсылыққа тексерілмей анықталмайды. Алайда, тілдердің фонологиялық жүйесінің типологиялық инварианттардың барлығы анықталып, барлығына бірдей сипаттама берілді деп айту әзірше қиын. Дегенмен, қазіргі кезде тілдер туралы ғылымның бай тәжірибесі кейбір константтарды анықтап, зерделеуге мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, кейбір тілдерде дауысты дыбыстан басталатын немесе дауыссыз дыбысқа аяқталатын буын түрі кездеспейді. Бірақ дауыссыздан басталып, дауыстыға бітегін буын түрі барлық тілдерге тән. Немесе фрикативті дауыссыз дыбыстарсыз тілдер болуы мүмкін, ал шұғыл-қопармалы дауыссыз дыбыстарсыз (взрывные) тілдер жоқ т.б.

Кез келген тіл дыбыстардың белгілі бір тобынан құралып, оның жиынтығы сол тілдің дыбыстық құрамын жасайды. Сондықтан да фонетиканың өзекті мәселесі - тілдегі дыбыстардың санын, сапасын анықтау және сол дыбыстармен байланысты әртүрлі

зандылықтардың басын ашу. Ал фонологияның өзекті мәселесі - тілдің дыбыстық құрылымын, оның құрылымдық және функционалдық (қызметтік) заңдылықтарын зерттеу.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы алғаш пікір айтып, әліпби түзген ғұлама ғалым А.Байтұрсыновтың қазақ тілі дыбыстық жүйесі туралы ілімі ерекше назар аударуды қажет етеді. Жалпы тіл білімінде әдетте әліпби түзушілерді тұңғыш фонологтар деп атайды. Олардың түзген әліпбиі имплицитті фонологиялық зерттеуге жатады. Олай болса, қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог- Ахмет Байтұрсынов [3].

Ахмет Байтұрсынов қазақ фонетикасы туралы жазғанын түйіндеп айтар болсақ, ол кісі: 1.Қазақ тіліндегі фонемалардың санын дәл тауып, айқындап берді; 2.Дыбыстарды дауыссыздар мен дауыстыларға жіктеді; 3.Дауыссыздарды сыбыр (смычный), сыбыс (щелевой) деп екі үлкен топқа бөлді. 4.Олардың жасалу орындарын (ерін, тіс, тіл, таңдай, көмей) анықтап көрсетті. Осындай фонологиялық ізденістің негізінде А.Байтұрсынов аса көрнекті фонологтар - Яковлев, Е.Д.Поливанов мойындаған әліпбидің озық үлгісін жасады [3,56]. Ахмет Байтұрсыновтың айырым белгі теориясы бойынша, егер белгілі бір дыбысты екінші бір дыбыстан нақты айырып тұратын белгісі болмаса, ондай дыбыстық бірлік фонема деп танылмайды, яғни ол тілдің дыбыстық парадигмасына кірмейді. Бұл, сайып келгенде дыбыстардың фонемалық статусы жоқ дегенді білдіреді.

Қазақ фонетикасына арналған мәселелер мен міндеттердің шешуін А.Байтұрсыновтан кейінгі көш басшы - аса көрнекті ғалым, профессор Қ.Жұбанов жалғастырды. Ол қазақ лингвистикасының іргетасын қалаушылардың бірі еді. Қ.Жұбанов қазақ фонетикасының өзекті мәселелері (атап айтқанда тіл дыбыстарының фонологиясы мен жіктелуі, дыбыстардың өзгеру құбылысы, үндестік заңы, сөздің буын құрылысы мен акцентуациясы саласы) жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қ.Жұбановтың фонетика-фонология туралы мұрасы жайында профессор Ә.Жүнісбеков былай дейді: «Өткен ғасырдың аяғы мен осы ғасырдың басы фонетика ғылымында ерекше орын алады. Өйткені, фонологияның пайда болып, аяғына тұрған сәті осы кез еді. Фонетика мен фонологияның жігі ашылып, әсіресе фонема теориясының шығуы тіл дыбыстарына деген көзқарасты күрт өзгерткені мәлім. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілінің дыбыс жүйесін фонетикалық және фонологиялық тұрғыдан дербес-дербес қарастыруының өзі әлі күнге дейін көп зерттеушілердің қолы жете алмай келе жатқан жай: оның дыбыс пен фонемаға берген анықтамалары фонология теориясын еркін пайдаланғандығының куәсі» [8,192].

Сонғы ширек ғасырдан астам уақыт ішінде қазақ тілінің дыбыс құрылымының қырсырын, атап айтқанда: дауыстылар жүйесі (Ж.Аралбаев, Ә.Жүнісбеков), просодика, сингармонизм (Ә.Жүнісбеков), екпін, редукция (Б.Қалиев), дауысты және дауыссыз дыбыстарға талдау жасау (С.Татубаев, С.Мырзабеков, М.Райымбекова), интонация (З.Базарбаева) т.б. және қазақ тілі фонетикасының жекелеген мәселелері әртүрлі техникалық құралдарды пайдалана отырып зерттеу ісі қолға алынды.

Ал шын мәнінде, қазақ тілі ағылшын тілімен және көптеген өзге тілдермен, оның ішінде өзі тектес (орыс тілі сияқты) жазуы негізінен фонематикалық принципке негізделген тілдермен де салыстыра қарағанда әріпке дыбысы толығымен сәйкес келетін тіл болып есептеледі. Оған бірден бір дәлел, бүгінгі қолданыстағы жазумен өзге тілдердің сөздерін транскрипциялау мүмкіндігінің жоғары екендігі, әріпке-әріп бере алу мүмкіндігіне ие деуге болады.

Әлем тілдерінің арасында кейбір тілдердің дыбыстық құрамында дауысты дыбыс жүйесі саны жағынан шектеулі болып келеді. Ол тілдердің дауысты фонемаларының коррелят сыңарлары болмайды. Мысалы, орыс, белорус, украин, грузин, өзбек т.б. тілдерінде солай.

Байқап отырсақ, қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де дауыссыздардың бөлінуі де, ол топтағы әріптер құрамы да бір-біріне ұқсас екенін көреміз. Мұны екі тіл арасындағы фонетикалық сәйкестік деп қарастыруға болады.

Автор В.Д. Аракиннің «Сравнительная типология английского и русского языков» (Л., 1979. 259с.) атты еңбегіне сілтеме жасай келе, ағылшын дауыссыздары 24 фонемадан тұрады дейді: [p], [t], [k], [b], [d], [g], [f], [T], [s], [Z], [v], [G], [z], [h], [D], [C], [S], [m], [n], [r], [l], [j], [N], [w]. Ал қазақ тілінің дауыссыздары ([v], [f], [ts], [C], [x], [h] «кірме») дыбыстарды есепке

алмағанда) 17 фонемадан құралады: [b], [g], [d], [z], [ž], [j], [k], [l], [m], [n], [N], [p], [r], [s], [t], [w], [š], ал [k], [q], [g], [γ] өз алдына бір-бір фонема болып танылса, дауыссыздар саны 19 болады. Ал [k]-[q], [g]-[γ] жұптарының әрқайсысы дербес фонема бола алмайтын себебі [q] [k]-нің, [γ] [g]-нің аллофондары саналады. Монография бойынша қазақ және ағылшын тілдерінде мына дауыссыздар баламалы: [p], [t], [k], [b], [d], [g], [s], [S], [z], [m], [n], [r], [l], [j], [N], [w] [Z]. Ағылшын тіліндегі дауыссыздар жүйесінде қазақ тілінде баламасы жоқ 7 фонема бар: [f], [v], [C], [G], [T], [D], [h] [91, 18-21].

Екі тілдегі баламасыз дауыстыларды бағамдай қарасақ, баламасыз фонемалар негізінен ағылшын тіліндегі дауыстылардың созылыңқылығы есебінен екенін көруге болады. Бұл қазақ және ағылшын вокализмін салыстырғандағы басты ерекшеліктердің бірінен саналады. Ағылшын тілінде қысқа және созылыңқы дауыстылар бар, дауыстылардың қысқалық-созылыңқылығы мағына өзгертеді: *ship – sheep fill – feel fit – feet sid – seed*

Ал қазақ тілінде дауыстылардың қысқалық/созылыңқылық ұғымы айтарлықтай маңызға ие емес, мұндай құбылысты жоқ деуге болады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фонемалардың басты ерекшеліктерінің бірі: ағылшын тілінде дыбыстардың екпінді, екпінсіз буында келуіне қарай күшті және әлсіз позициясы олардың аллофондарын жасауда маңызды роль атқарады. Қазақ тілінде инварианттың варианттары фонеманың екпінді-екпінсіз позицияда тұрғандығына байланысты туындамайды және буынның екпінді-екпінсіз позициясына қарай дауыстылар редукцияға түспейді, ағылшын тілінде барлық дауыстылар екпінсіз позицияда әлсіреп, [i] және [q] (schwa) дыбыстарына айналады.

Қазақ тілінде де кейбір дауысты дыбыстар қысқа болып келеді. Мысалы, ұ, ы, і қысандары дыбысталу жағынан қысқа дыбыстар. Алайда қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қысқа және созылыңқы айтылуы сөздің мағынасына әсер етпейді.

Американ ағылшын тілі де, британдық ағылшын тілі де сол бір ағылшын тілінің варианттары болып табылады. Бұл тілдердің арасында айырмашылықтан гөрі, ұқсастықтары көп, әсіресе оқыған адамдардың сөйлесуінде және ғылым тілінде ұқсастықтары бар. Әсіресе екі елдің тарихи және мәдени дамуының ерекшелігі, тұрғылықты және аудандық идиомаларының түрлілігі, сонымен қатар жарнамалар мен ақпарат құралдарының әсері.

### Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков.- Л.:Просвещение,1979-259с.
2. Мельников Г.П. Детерминанта – ведущая грамматическая тенденция языка. В книге фонетика. Фонология. Грамматика. - Москва.: Наука, 1971.
3. Баданбекқызы З. Қазақ тілінде фонемалардың дыбыс қорлары. Филол.ғыл.канд.дәрежесін алу жазыл.диссертация.- Алматы,2001. – 111б.
4. Реформатский А.А. Введение в языкознание. Под ред.В.А. Виноградова. –М.: Аспект Пресс, 2000, -536с.
5. Кацнельсон С.Д. Лингвистическая типология – Вопросы языкознания. 1983,-19-34с.
6. Алпатов В.М. История лингвистических учений. Учебное пособие. М.: Языки русской культуры, 1998, -368с.
7. Якобсон Р, Фант Г, Халле М. Введение в анализ речи. Различные признаки и их корреляты // Новое в лингвистике. М.: Прогресс, 1962, -Вып.2
8. Жүнісбеков Ә. Қазақ фонетикасының ғылыми курсы жасаушы // Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. –Алматы.: Ғылым, 1990,192с.
9. Русско- английский словарь.